


МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-сентябрь 2022 г.



46,7
МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)
- Мебель деревянная для столовой и гостиной



100,1%
ИФО

\$5
МЛН




ЭКСПОРТ

Импорт 73%
ОТП 27%




РЫНОК

\$236,2
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-август 2022 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2022 жылғы қаңтар-қыркүйектегі жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімінің **өндіріс көлемі** 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекте 46,7 млрд теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2021 жылғы тиісті кезең көрсеткішінен 4,2% жоғары. Дегенмен, саланың ФКИ көрсеткіші 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекте 100,1% құрады.

Өндірістік көлемнің өсуі төмендегі негізгі баптар бойынша байқалады: металл каркасты отыруға арналған жиһаз 9,8%, ас үйге арналған жиһаз 8,8%.

Жиһаз өнімін **тұтынудың ішкі нарығы** 2022 жылғы қаңтар-тамыз қорытындысы бойынша 321,6 млн АҚШ долл. құрады (146,8 млрд теңге). Отандық өндіріс үлесі 2022 жылғы 8 айда 27% құрады.

Жиһаз өнімінің **экспорт көлемі** 2022 жылғы 8 айда 2021 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе 5 млн АҚШ долл. құрап, 16,3% өсті.

Сонымен қатар, заттай көріністе 2,5 мың тоннаға дейін 2 есеге дейін төмендеу байқалады.

Негізгі экспорттық баптар: ағаш жиһаз (1 366,5 мың АҚШ долл.), пластмассадан жасалған жиһаз (1 243,3 мың АҚШ долл.), дүкенге арналған ағаш жиһаз (375,1 мың АҚШ долл.), мекемелерде пайдаланылатын металл жиһаз (288,7 мың АҚШ долл.), отыруға арналған жиһаз (284,1 мың АҚШ долл.).

Жиһаз өнімі экспортының көлемі Қырғызстанға (жалпы экспорт көлемінің 27,1% немесе 1 353,1 мың АҚШ долл.), Өзбекстанға (26,3% немесе 1 315 мың АҚШ долл.), Ресейге (24,6% немесе 1 229,2 мың АҚШ долл.) жіберілді.

Жиһаз өнімі **импортының көлемі** 2022 жылғы 8 айда ақшалай көріністе 2021 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 236,2 млн АҚШ долл. құрап, 3,5% өсті, ал, заттай көріністе 87,2 мың тоннаны құрап, 2021 жылғы осы кезеңдегі деңгейде қалды.

Тауарлық құрылымда импортталатын жиһаз өнімінің ең жоғарғы көлемін дүкенге арналған ағаш жиһаз (54,1 млн АҚШ долл.), жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (31,6 млн АҚШ долл.), жатын бөлме, асхана және қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаз (27,5 млн АҚШ долл.), басқа да ағаштан жасалған жиһаз (21,5 млн АҚШ долл.) құрайды.

Импортталатын жиһаз өнімінің негізгі көлемі Ресейден (99,3 млн АҚШ долл. немесе жалпы импорт көлемінен 42%), Беларусьядан (43,6 млн АҚШ долл. немесе 18,4%), Қытайдан (30,4 млн АҚШ долл. немесе 12,8%), Түркиядан (25,1 млн АҚШ долл. немесе 10,6%) келеді.

Аумақтық кесінде жиһаз компаниялары еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан. Алайда, 28,6% (13,3 млрд теңге) жиһаз өнімі Алматы қ. өндірілетіндігін атап өткен жөн (13,3 млрд теңге).